

# «ОҒЫЗ-НАМЕ» ЭПОСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МИФТЕР

## Түйіндеме

Түркі ескерткіштеріндегі фольклорлық мифтер әдебиет саласының өзекті мәселелерінің біріне жатады. Себебі, бүгінгі таңда әлі толық зерттеле қойған жоқ. Бұрынғы ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігіне тірек болып, әдеби көркемдік әдістерін сақтаған. Айналадағы табиғат құбылыстар: күн, ай, жер, жұлдыз, тау, т.б. құбылыстарды киелі санаған. Космостық бейнелер бір кездері ертедегі адамдардың мифтік түсінігінен, келе-келе ауыз әдебиетінің тұрақты поэтикалық образдарына айналған. Бұл ғылыми мақалада негізінен түркі ескерткіштеріндегі фольклорлық мифтердің зерттелуіне талдау жасалып, олардың қаншалықты маңызды екені анықталады. Алдағы уақытта әлі де ашылмаған құнды дүниелер күтілуде.

**Тірек сөздер:** Тұрақты поэтикалық образдар, космостық бейнелер, әдеби көркемдік әдістер, ежелгі наным-сенімдер, космогониялық мифтер.

## FOLKLORE MYTHS IN THE EPIC “OGUZ - NAME”

### Abstract

Turkic monuments of folk myths is one of the important issues in the field of

ULUSLARARASI TÜRK  
DÜNYASI ARAŞTIRMA-  
LARI DERGİSİ  
INTERNATIONAL  
JOURNAL OF TURKISH  
WORLD STUDIES  
CİLT 3 / SAYI 3 /  
TEMMUZ 2020

### Sorumlu Yazar Corresponding Author

Б.САРБАСОВ  
Л.ДӘУРЕНБЕКОВА  
ф.ғ.к., қауым  
профессор, ҚазҰҚПУ,  
Қазақстан, Алматы,  
[Sarba-  
sov.bolathan@mail.ru](mailto:Sarba-<br/>sov.bolathan@mail.ru)  
ф.ғ.к., доцент Евразия  
гуманитарлық  
институты, Қазақстан,  
Астана,  
[daurenbekova.laura@mail.ru](mailto:daurenbekova.laura@mail.ru)

### Gönderim Tarihi

Received

02.07.2020

### Kabul Tarihi

Accepted

20.07.2020

### Atf

САРБАСОВ, Б.,  
ДӘУРЕНБЕКОВА, Л.  
(2020). «Оғыз-наме»  
Эпосындағы  
Фольклорлық Мифтер,  
*Uluslararası Türk  
Dünyası Araştırmaları  
Dergisi*, (3/3), 55-62

ARAŞTIRMA MAKALESİ  
RESEARCH ARTICLE

literature. Because, today, is still not complete with research. The former is based on the daily life of our ancestors to keep the literature and artistic techniques. Surrounding natural phenomena: the sun, moon, earth, stars, etc, phenomena considered holy mountain. Satellite images of people at one time early mythical notion soon became a regular artist in a poetic oral. This research article is mainly Turkic monuments folk myths zeriitewlerime analysis they determined that it was importance. Still valuable things were not expected in the near future.

**Keywords:** Permanent poetic images, satellite images, literary, artistic methods, ancient beliefs, myths cosmogonic.

Адам танымының алғашқы кезеңдеріндегі айнала табиғатты тұтас жан деп ұғыну, адам мен табиғаттың бір-біріне оң және теріс әсерлері туралы түсініктер бұрынғы ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігіне тірек болып, бүгінгі заман ой-танымында, әдеби көркемдік әдістерінде сақталған. Айнала табиғаттағы Күн, Ай, Жер, Жұлдыз, Тау т.б. құбылыстарға қасиет беріп, киелі санау, олармен қарым-қатынаста белгілі бір заңдылықтарды сақтаудың мәні – ол шарт бұзылса адам кеселге, ауруға, өлімге ұшырайды деген сенім. Сондықтан отқа, суға түкірме, аттама, айға қол шошайтпа, күн батарда ұйықтама, жер сабалама деген сияқты түрлі ұғымдардың әрқайсының өзіндік мәні бар.

Өйткені дүние жүзінің көптеген халықтары, солардың ішінде түркі, монғол халықтары да, ерте кезде табиғат сырларын түсінбеген. Ертедегі адамдардың дүниетану шама-шарқы төмен болғандықтан жаратылыс көріністерінің әр алуан түрлерін (ай мен күн, бұлт пен дауыл т.б.) жарылқаушы күш ретінде қабылдап, оларға сиынған, медет тілеген. «Шамандық сенімнің дүниеге келуі, – деп жазады Ш.Уәлиханов – жалпылай немесе жекелей табиғатты қадір тұту, қастерлеу болып табылады» (Марғұлан, 1985: 171). Осындай арғы замандардың айғағы болған Ай, Күн, Аспан, Жұлдыз сияқты космостық бейнелер бір кездері ертедегі адамдардың мифтік түсінігінен сәйкес туып, келе-келе ауыз әдебиетінің тұрақты поэтикалық образдарына айналған» (Марғұлан, 1985: 172).

Алайда бұл ұғымдар аталып отырған ескерткіште тікелей негізгі кейіпкер болмысымен тығыз қабысып жатады. Өйткені, ол күннің нұрынан пайда болады. Жалпы, дүниежүзі тарихында атақты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі жайлы мифтерден көбіне күн нұрынан туу мотивін жиі кездестіруге болады.

Ежелдегі адамдар басында сәулесі болған, текті адамды нұрдан жаратылған етіп көрсету, ол құбылыс келе-келе мақсатты түрдегі қолданылатын фольклорлық әдіске айналған. Күн нұрынан пайда болу мотиві Шыңғысханның дүниеге келуіне байланысты т.б. қазақ жырларында көрініс табады.

Ежелгі түркі аңыз, эпсаналарында бақытты болатын адамның төбесінен нұр жауатыны туралы көп айтылады. Бұл дәстүр түркі халықтарының ерлік дастандарынан да орын алған. Мәселен, қырғыздың «Манас» атты эпосында болашақ батыр Манас та жолына нұр төгілген ал, өзін көкжал бөрі қорғап жүрген қаһарман болып келеді (Қасқабасов, 2002: 101).

Түркі-монғол халықтарының аңыз-ертегілерінде кейіпкердің күн нұрынан туу мотивінің орын алуы ежелгі наным-сенімдерге байланысты. Жалпы, дүниежүзі халықтары фольклорында атақты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі көбінесе күн нұрымен байланыстырылады. Фольклортанушы ғалым В.Я.Пропп: «Адам баласы мәдениеттің неғұрлым төменгі сатыларында болған уақытта «ғажайып туу» елдің бәріне талғаусыз таныла береді. Патша мен Құдайлардың бұлай тууы олардың артықшылығына айналды. Ал қарапайым адамдар қалыпты жағдайда дүниеге келеді. Египет патшалары өздерін «күннің құдайы Раның тұқымымыз» деп санайды. Осындай сенім Үнді патшалары мен ханзадалары және Қытай императорларында да бар», – деп жазған (Пропп, 1976: 207).

Ол «Фольклор и действительность» атты еңбегінде бүкіл дүниежүзі фольклорының ең көне жанрларында пайда болған ғажайып туу мотивінің пайда болу принциптерін ертегі наным-сенімдермен, культтік, рәсімдік мәселелермен тығыз байланысты қарастырады және бұл мотивтің фольклорлық шығармалар сюжетін толықтырушы

көркемдік тәсілге айналғанға дейінгі даму тарихын қалпына келтірді.

Түркі халықтарының фольклорында осындай Ай, Күн әсерімен дүниеге келуін баяндайтын сөздеріне орайлас тұрақты дәстүрдің қалыптасуы тегін емес. Ол түркілердің ең көне дүниетанымына, яғни, олардың көне наным-сенімдеріне Ай мен Күн культінің маңызды рөл атқарғандығын әрі сенім көріністері халықтың эстетикалық қалыпты нормасына айналғанын байқатады.

А.Н. Веселовский зерттеулеріндегі пайымдауларға қарағанда түркі тайпаларында Ай мен Күн тотемдеріне табынушылық ұзақ уақыттар сақталып келген. Сол себепті түрікмен тайпаларының шығу тегі баяндалатын шежірелерде түрікмендердің Әли-или, Ерсары, Шах, Теке тайпаларында «Айтолды», «Күнтолды» ру тайпалары кездесетіні сөз болады (Веселовский, 1940: 539).

Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білік» дастанындағы басты кейіпкерлердің есімдері де Айтолды және Күнтолды болуы бұл дәстүрдің түркі фольклорында мықтап орныққанын аңдатады. Талданып отырған «Оғыз-наме» ескерткішінде Оғыз қағанның өзі ғана емес оның үйленуі, Ай, Күн, Жұлдыз, Тау, Көк, Теңіз деген балаларының тууында космогониялық мифтердің мәні көркемдік рөл атқарады.

«Оғыз қағанның оны көргенде жаны қалмады. Ол осы қызды алып үйіне кетті. Оны сүйді, алды. Бірге жатты. Тілегі қабыл болды. Сол қыз жүкті болды. Күннен күн өтіп, түннен түн өтіп, көзі жарыды, үш ер бала туды, біріншісіне Күн деп ат қойды, екіншісіне Ай деп ат қойды, үшіншісіне Жұлдыз деп ат қойды» (Өмірәлиев, 1988: 205).

Бұл мысалдар негізінде көне түркі тайпаларының Көк Тәңіріге табынып, жақсылықты да, жамандықты да Көктен яғни, аспаннан күткен дүниетаным сақталған.

«Көк тәңірі – көк аспан деп аталады. Қазақтар ұғымындағы бірінші аталатын сын есім «көк» – көріністі бейнелейді және заттық түсінікті білдіреді, ал зат есім (тәңірі) «көк» атауының (синонимі) баламасы... – (Алланы) және құдайды (худда). Сондай-ақ, даланың алыс түкпірлерінде, мысалы қазақ ордасында «Көке-Тәңірі» –

деген атау әлі кездеседі» – деп жазады Ш. Уәлиханов (Марғұлан, 1985: 102).

Қазақ мифінде хаостың космосқа айналуындағы басты бір шарт – жер мен аспанның жекеленіп пайда болуы жайлы мифтерде сақталған. Мысалы: Аспан мен жердің бөлектенуі, яғни әлемді қаптаған судан аспанның және құрлықтың бөлініп жасалғаны жайында түсінік бар. Көне заманда, мифтік сана кезінде адамдар бүкіл әлемді, аспанды да су деп білген. Қазақ тілінде «Тәңір» деп көкті, «теңіз» деп суды айту тегін емес. Екеуінің түбірі «көк», «аспан» ұғымымен байланысты, демек, «Тәңір» – көктегі (яғни жоғарыдағы) су болса, «теңіз» – жердегі (яғни төмендегі) су. Басқаша айтқанда, аспанның өзі әуелде су деп түсінілген, оның «көк», «тәңір» болып аталуы содан. Ал, жердегі су да түсі жағынан аспан, яғни Тәңір сияқты көк болғандықтан теңіз деп аталған. Екінші аспан мағынасында айтылған («із» – жұптықтың белгісі). Аспан мен жердің телегей теңізден бөлініп жаралғаны туралы түсінік жаһанда үш түрлі әлем (аспан, жер, жер асты) бар деген сенім тудырған. Ш.Уәлиханов мұндай сенімнің қазақта да бар екенін айтқан: «Аспанда ел бар. Ондағы адамдар белдікті тамағынан тартады, біз ортада, жер бетінде тұрамыз, сондықтан белдікті белімізге байлаймыз, ал, жердің астындағы адамдар белдігін аяғына орайды, олардың өздерінің күні, айы, жұлдыздары бар» (Марғұлан, 1985: 103).

Кейінгі замандарда, миф ертегіге айналғанда осы үш әлем ертегі кейіпкерінің шарлайтын мекеніне айналады. Бұл үш әлем шамандар дінінде де сақталған.

"Қазақтың көне мифінде болуға тиісті ілкі ата-демиург бейнесі Тәңір образымен алмастырылған. Ал, Тәңір аспанның әміршісі саналған. Яғни, Тәңір – ең жоғарғы құдай, ол аспан мен жердегі тылсым мен тіршіліктің иесі. Аспанды да, ондағы жұлдыздарды да, адамды да, жер бетіндегі нәрселердің бәрін де, жаратушы – Тәңір деп саналған. Міне, мұның бәрі – көне мифтік ілкі ата – демиургтың, жасампаз қаһарманның атқаратын істері. Бұл қызметті түркілер заманында Тәңір, ал ислам келгенде Алла атқарады. Қазақтың көне мифінде ілкі ата – демиург

образының толық және айқын сақталмау себебі осында деп білуіміз керек" – дейтін С.А. Қасқабасов пікіріне сүйенсек, "Оғыз-наме" эпосындағы тәңірлік сенімнің негізгі сюжеттік өзек болғанын байқау қиын емес. Оның дүниеге келуі де ғана емес, жар таңдап сүюінде де Тәңірлік сипат басым. Ғашық болған жары да тылсыммен тығыз байланысты екендігіне мәтін арқылы көз жеткізуге болады.

"Оғыз-намеде": "Күндерде бір күн Оғыз қаған бір жерде Тәңіріге жалбарынып отыр еді. Қарауы болды. Көктен бір жарық (сәуле) түсті. Күннен аян, айдан қуқылырақ еді. Оғыз қаған (көк жарыққа қарай) жүрді, көрді. Көрсө, әлгі жарықтың арасында бір қыз бар екен, жалғыз отыр екен. Артықша көрікті бір қыз екен. Ол қыздың мандайында оттай сәуле шашқан бір меңі бар екен. Алтынқазықтай екен. Яғни, қыздың жаратылысында адамзаттан бөлек тылсымдық қасиет бар. Осы қыз сондай көрікті еді: күлсе Көк Тәңірінің (өзі) күлетіндей, жыласа Көк Тәңірінің (өзі) жылайтындай еді" (Өмірәлиев, 1988: 56).

Сондай-ақ, түркі тілдес халықтар мифіндегі Тәңірлік сенімнің ерекшеліктері жайлы "Ерлі зайыпты баба-құдайлардың ең көне универсальды тараған түрі аспан-әке мен жер-ана. Бұл образдарда, бір жағынан, рулардың бабалары болып саналатын ілкі адамдардың космостанғанын, ел екінші жағынан, неке мен семьялық қатынастардың табиғат дүниелеріне көшірілгенін көруге болады", – дейтін пікірін шындығында, бүкіл түркі жұртында Тәңір – көктегі ер рөлінде, ал Ұмай – жер-ана болып қабылданады (Мелетинский, Е.М. (1974: 73). Сонда, жоғарыда Е.М. Мелетинский айтқандай, қазақта да аспан – әке, жер – ана ретінде (Тәңір – Ұмай түрінде) алғашқы ерлі – зайыпты құдайлар болып саналған деуге әбден болады, – деп тереңдей қарастырған С.А. Қасқабасов пікірлерінің дәйегін осы ескерткіштен анық көруге болады.

Себебі, «Оғыз-наме» ескерткішінде тек Ай мен Күн, Жұлдыз секілді аспан денелеріне қатысты ұғымдар ғана емес, Көк, Тау, Теңіз ұғымдары да басты мән иеленеді. Оғыз қағанның екінші рет үйленіп, ол әйелінен тағы үш ұлдан дүниеге келуі, төмендегідей баяндалады: «Бір күндері Оғыз

қаған тағы да аңға кетті. (Аңда жүрсе) бір көлдің ортасынан бір ағаш көрді. Бұл ағаштың қуысында бір қыз жалғыз отыр екен. Артықша көрікті бір қыз екен. Ол қыздың көзі көктен де көгірек, шашы теңіз толқынындай, тісі інжудей екен.

Осы қыз сондай көрікті еді: жер басқан ел-жұрт оны көрсе: «Ай, ай! Ах, ах! Өлерміз!» – деп сүттен қымыз болатындай еді. Оғыз қағанның оны көргенде ынтығы кетті, жүрегіне от түсті. Оны сүйді, алды. Бірге жатты. Тілегі қабыл болды. Сол қыз жүкті болды. Күннен күн өтіп, түннен түн өтіп көзі жарыды, үш ер бала туды. Біріншісіне Көк деп ат қойды, екіншісіне Тау деп ат қойды, үшіншісіне Теңіз деп ат қойды» (Өмірәлиев, 1988: 56).

Оғыз қағанның аң аулап жүріп тапқан теңдесі жоқ сұлуды көргені, қызға ғашық болып, оған да үйленгені, одан үш ұл бала туылғаны, есімдерін «Көк» (Аспан) «Тау» және «Теңіз» деп қойғаны тартымды етіп баяндалады. Осындағы «Көк» – Тәңірлік сенімнің негізі.

Шаманизмнің негізін құрайтын тотемдік және анимистік түсініктердің көк түріктерге дейін жан-жақты таралғанын ешкім де жоққа шығармайды. Ал тәңірліктің көне түрік дәуірінде тұтас жүйеге түсіп, дін дәрежесіне көтерілгенін дәлелдеуші ғылымдардың бірі Л.П. Потапов. Бұл дәуір біздің заманымыздың VI-XII ғасырлар аралығын қамтиды. Түрік қағанаты (551-744 жылдар) мен ұйғыр қағанатының (745-840 жылдар) этникалық ядросын құраған түрік тайпаларының Тәңірі, Ұмай, Жер – Су аталатын құдайлары қазіргі көптеген түркі халықтарында сақталуы кездейсоқ емес.

Жалпы, Тәңірлік сенімнің көшпелі түркілердің мемлекеттік бір ізділікке түсіп үлгермегендігі, тек түркі қағанаты тұсындағы бірдей қалып иеленгендігі, бірақ кейінгі мұсылман дінінің ықпалына байланысы көктегі "Тәңір – иенің" орнын "Жалғыз Алланың" басуы, кейбір көп тәңірлік ұғымдардың мұсылмандық ұғымға сіңісіп кеткені белгілі.

Оғыз қаған жаратылысындағы тәңірмен байланыстылық көне түркілік ескерткіштердің тұрақты мотиві екендігі белгілі. Ол жөнінде Ш. Ыбыраев:

Қаңым Елтеріс қағануғ,

Өгім Ілбіге қатұнұғ,  
Теңрі тепесінде тұтұп  
Иөгерү көтермүс ерінч.  
(Әкем Елтеріс қағанды,  
Шешем Елбіге қатынды  
Тәңір төбесіне ұстап  
Жоғары көтерген екен) –

дейтін мысалдарды келтіре отырып, "Демек, қағанның тәңірлік жаратылысы алдымен алдымен өзіміздің байырғы төл тарихымыздан мықтап орын алған дүниетаным болып шықты. Біз үшін мұның маңызы зор деп" – деп ой қорытады.

Оғыз қағанның жарын Тәңіріден тілеуі және оның бірінің ағаш қуысында отырған сұлулығы керемет қыз болуын сипаттайтын тұстарда түрлі фольклорлық наным-түсініктер тоғысқан. Осындағы ағаштың қуысындағы сұлу қыз көзінің көктен де көгірек, шашының теңіз толқынындай (ол да көк) болуы – тәңірлік нанымның көріністері. Себебі, Жаратушы Көк Тәңірінің мекені көкте болғандықтан, ең әдемі де қасиетті түс – Көк Тәңірінің нышаны. Ал, фольклорлық туындылардағы қаһарманның ағаш қуысында дүниеге келу мотивінің негізінде ежелгі адамдардың ағашты тотем тұтқан наным-сенімінің ізі бар.

### Әдебиеттер

- Марғұлан, Ә. (1985), *Ежелгі жыр, аңыздар*, Алматы: Жазушы
- Қасқабасов, С. (2002), *Жаназық*, Астана: Аударма
- Пропц, В.Я. (1976), *Фольклор и действительность*, Москва: Наука
- Веселовский, А.Н. (1940), *Историческая поэтика*, Ленинград: Наука
- Өмірәлиев, Қ. (1988), *«Оғыз қаған» эпосының тілі*, Алматы: Ғылым
- Мелетинский, Е.М. (1974), *Поэтика мифа*, Москва: Наука